

## еToken Pass (ОТР-токен) құрылғысын пайдалану жөніндегі нұсқаулық.

ОТР-токен бір рет қолданылатын құпия сөздердің аппаратты генераторынан тұрады. Оның көмегімен Сіз бір рет қолданылатын құпия сөзбен жүйеге кіруді және құжаттарды растай аласыз. Осы құрылғыны қолдану СМС арқылы бір рет қолданылатын құпия сөздерді қолданудың баламасы болып табылады. USB-токенді рұқсатсыз қолдану әрекетінен қосымша қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ОТР-токен (моделі – Safenet eToken 3000) – бұл пайдаланушы аутентификациясына арналған шағын және қолайлы құрылғы. Құрылғы қолдануға өте қарапайым болып табылады: пайдаланушы функционалды батырманы бір рет басады (бұл жағдайда токен автоматты түрде белсенеді) және LCD-дисплейде қолданылатын қосымша бағдарламада енгізуге болатын бір рет қолданылатын құпия сөз жанады. Құпия сөз әрбір 60 секунд сайын өзгереді. 20 секундтан кейін (тайм-аут) функционалды батырмамен әрекет жасау болмаған кезде токен автоматты түрде сөнеді.



Бір рет қолданылатын құпия сөзді жасау үшін қолданылатын алгоритм – 3-DES (Triple Data Encryption Standard). ОТР-токенде нақты уақыт сағаты қойылған. Стандартты инициализация кезіндегі бір рет қолданылатын құпия сөздің ұзындығы – 6 сан. Сәйкестік терезесі (құпия сөздің қолданылу уақыты – 21 минут).

ОТР-токен бөлшектенбейтін, жөнделмейтін құрылғы болып табылады және кіріктіріме батареяны ауыстыруға мүмкіндік бермейді. Бұйым корпусында ашу іздерін немесе ашу әрекеттерін анықтаған жағдайда пайдаланушы автоматты түрде өндірушінің кепілдік міндеттемелерін жоғалтады. Кіріктіріме батареяның жұмыс істеу уақыты – 5 жыл.

Жүйеде жұмыс істеген уақытта бағдарлама жүйеге кіру үшін және транзакцияны растау үшін (бір құпия сөзбен бірнеше құжаттарды растау мүмкіндігі бар) ОТР-токеннің LCD-дисплейінде кодты сұрайды:

